


Құдайдың Құрбандық Қозысы



Сіз қойды құрбандап немесе сойып жатқан мезгілді көрген кездеріңіз бар ма? Қойды союға әкеле жатқанында, қой, бейшара, ешқашан қарсыласпайды да. Ол — қошақан үнсіз, өзіңнің жетегінде, өлімге қарай мойынсынып жүре береді. Аяқтарын байлап, пышақты тамағына әкеліп, бауыздағанға дейін үнсіз жатады. Өткір пышақ жұлынын жұлып алғанынша үн-түнсіз жатады. Пышаққа түсіп, сойылып, қаншалықты адам шыдағысыз ауыртпалықты басынан өткізіп жатса да, оған өзі келіп, басын төсеп жатқанындай, көзі бақырайып қарап жатады.

Кейбірде, адамдар қойды өзінің күнәлары үшін құрбан етеді. Мысалы, бұны міндетті түрде, «Құрбан байрамы» немесе «Құрбан айт» кезінде құрбанға қой салады. Бұны адамдар не үшін істейді? Кей жағдайда, тек айт-мейрам болғандықтан, ата-бабадан келе жатқан салт-салтанаттың жалғасы ретінде, ал көбіне, Құдайға арнап, Құдай алдындағы істеген күнәлары менен қиянаттары үшін осы құрбаншылық арқылы құтыламыз деген үмітпен істейді.

Сіз білесіз, адамдар өмірінде күнделікті көптеген күнәлар істейді. Ал Құдай үшін, кішкентай елеусіз қылық пен айтылған өтірік, қызғаныштық, жаман сөздер, тіпті аз ғана орынсыз жаман ойдың өзі — күнә. «Сыбырлағанды да Құдай естімей ме?» — дегендей, ойлаған ойымыз бен сыбырлап айтқан жаман сөздеріміз үшін де, Құдай алдында күнәға батамыз екен. Інжіл айтады: «Кім (Құдайдың) барлық заңын орындаса және бір нәрседе күнәланса, сол барлығында да кінәлі болады». Міне сондықтан да әр адам, ол қаншалықты күнәкар боласа да, тіпті ол өзінің өмірінде болмашы бір күнә жасаса да, Құдайдан өзінің жазасын алуға тиісті.

Өкінішке орай, әлем халқының барлығы, бірде-біреусіз — күнәкарлар. Бірінші болып шайтанның арбауына Адам-ата мен Хауа-ана лесті. Содан бері барлық адамдар шайтанның арбауымен келеді, сондай-ақ, оның даусына құлақ салып және күнәға батуда. Інжілде былай деп жазылған: «Әділ біреу де жоқ, түсінетін де жоқ; ешкім Құдайды іздемейді; барлығы жолдан тайды; біреу де жарамайды; жақсылық жасаушылар жоқ, біреу

де жоқ». «Бұл адамдар Маған (Құдайға) өзінің ауызымен жақындайды, және Мені еріндерімен құрметтейді, бірақ олардың жүректері Менен алыс». Сол себептен Құдай барлығын жазалауға тиісті — себебі Ол шексіз әділ және күнәны жазасыз қалдырмайды. Құдай адамдарды жазалау үшін тозақтың мәңгі өшпес отты белгілеген. Әр адамның жаны өлгеннен кейін мәңгі тозақ отында азап шегуге тиісті. Себебі егер бәрі күнә жасаған болса, онда барлығы да жазалануға лайықты. «Сонда Ол айтады... "Кетіңдер Менен, лағнат атқандар, мәңгілік отқа"»

Сонымен, адамдар өздерінің күнәларын кінәсіз жануар — қойдың көмегімен жойғылары келеді. Қой ешқашанда өзі құрбан болған күнәларды істеген емес. Жоқ, ол басқалардың істеген күнәлары үшін құрбан болады, басқалар үшін өледі. Оны құрбандыққа сойған адамдар үшін, ол қарсылықсыз бағынып, олардың істеген істері үшін жауап береді және ең ауыр жаза — өлімді кабылдайды. Кінәсіз жануардың қанын төгіп, адамдар өздерінің күнәларын жуғысы келеді. Бірақ осы қан бізді тозақтан сақтар ма? Немесе, Құдайдың жазасынан бізді тағы басқа істеген істеріміз қорғауы мүмкін бе?

Мен сізге, қадірлі дос, ғажайып бір хабарды айтайын: күнәмыздан қой сойып, құрбан шалып, немесе басқадай өзіміздің істеген істерімізбен, тазаланудың қажеті жоқ! Себебі Құдай әлдеқашан Өзінің Қозысын — жалғызтуылған Ұлын, Иса Мәсіхті сіз үшін құрбан еткен. Мәсіх «Бізді Құдайға әкелу үшін, күнәларымыз үшін бір рет азап шекті, Әділ әділетсіздер үшін, тәнде өлтіріліп, бірақ Рухпен тірілді». «Ол (Иса) азапталды және Ол қиналды, бірақ Өзінің ауызың ашпады; қозы сияқты союға жетеленді, және қырқушылардың алдында қой үнсіз болғандай, Ол да солай Өзінің ауызың ашпады». Осы күнәсыз, кінәсыз адам, тәндегі Жалғыз Құдайдың Өзі еді, Ол айқышта бүкіл адамзат үшін (сіз бен біз үшін) өлді. Және үш күннен кейін қайта тіріліп, Ол күнә мен өлімді жеңгенін көрсетті. Ал енді Иса Оған сенгендердің барлығын тозақтан құтқарады: Оның қаны барлық адамдардың бүкіл күнәсін өтеді. Оның қанының

құтқару күші шексіз. Енді сізге тек осыған сенуіңіз ғана керек. Құдайдың Қозысының қанына нансаңыз, сонда Оның қаны сізді де жуады. «Өйткені, сенім арқылы сендер рақыммен құтқарылдыңдар, және ол сендерден, Құдайдың сыйы: істерден емес, ешкім мақтанбас үшін». Әлде сіз Құдайдың бұл сыйлығын — барлық күнәларлан кешірілу, тозақтан құтылу, бейіштегі мәңгі өмір сыйын алғыңыз келмей ме?

Егер сіз Құдайдың алдында тәубеге келіп, бұл кінәсыз құрбандыққа сенсеңіз, онда сіз «Дақсыз және таза козының қанындай, Мәсіхтің асыл қанымен» құтқарыласыз. Мәсіхтің қаны сізді мәңгі-бақи күнәларыңыздан құтқарады және еңбектеніп алған жазаңыз — тозақтағы мәңгі оттың орнына, сіз мәңгі өмірге ие болып, өлгеннен соң бейіште мәңгі өмір сүресіз. Ол жерде ешқандай бақытсыздық та жоқ, қайғы да жоқ. «Оған сенетін сотталмайды, ал сенбейтін әлдеқашан сотталды, себебі ол Құдайдың жалғызтуылған Ұлының есіміне сенбеді». Егер Исаға сенсеңіз, Ол сізге Өзінің Қасиетті Рухы ретінде келеді, сізді жана адам жасап, бүкіл өміріңізді өзгертеді.

Қымбатты бауырым, бұның барлығы шын, Құдай тек Өзінің құрбандық Қозысына сенгендерді ғана кешіреді. Кім Құдайдың құрбандық Қозысына сенсе, мәңгі жазадан — то-зақтан — сол ғана құтқарыла алады. «Мен (Иса) — жол және шындық және өмірмін; Әкеге Мен арқылы болмаса, ешкім келмейді». «Себебі аспан астында адамдарға берілген басқа есім жоқ, бізге құтқарылуға қайсысымен тиісті». Құдай сізге рақым етсін! Аумин.

Егер сіз осы трактатты оқып шыққаннан соң Иса Мәсіхқа сенген болсаңыз, әлде Иса Мәсіх жөнінде көбірек білгіңіз келсе, мына адреске бізге жазуыңызға болады:



FELLOWSHIP TRACT LEAGUE

P.O. BOX 164 • LEBANON, OH 45036

www.fellowshiptractleague.org © Tract 3790 (Kazak)

All tracts free as the Lord provides. Not to be sold.